КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қазан №4360-23-00-2/1821 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаеваның,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SKY Technology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Тұрғанбекұлы
Талап қоюшының өкілі Б.Изкенов
Жауапкер өкілі А.Сағымбек, Н.Жорабай

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 12 маусымда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №81 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 655 500 теңгеге 285 дана «картридж» тауарын келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Жауапкер 2023 жылғы 11 тамыздағы тауарды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес 220 800 теңгеге тауарды 96 данада жеткізген, тауардың қалған данасын жеткізбеген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісті орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және 53 096 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер сотқа ұсынған қарсы пікірінде, талап қоюмен келісетінін және тұрақсыздық айыбын төмендетіп беруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюын қуаттап, нақтылап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюмен келісетінін айтты.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.3-тармағына сәйкес, жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, Жауапкер 2023 жылғы 11 тамыздағы тауарды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес 220800 теңгеге тауарды 96 данада жеткізген, тауардың қалған данасын жеткізбеген, яғни шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындамаған.

Жауапкер сот шешімі арқылы жосықсыз қатысушы деп танылуға және тұрақсыздық айыбы ішінара өндірілуге келісетіні туралы хабарлама берген.Сондай-ақ талап қоюмен келісетіні туралы сотқа жазбаша арызын да ұсынған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде жүгінген.

Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады деп сот есептейді.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

АК-нің 297-бабына сәйкес егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы жауапкерден 2023 жылғы 28 маусым мен 16 қыркүйек аралығы, яғни 81 күнге 53 096 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, іс құжаттарын зерттеп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын, жауапкердің тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту туралы өтінішін негізге ала отырып, тұрақсыздық айыбы мөлшерін 30 пайызға, яғни жалпы 15 929 теңгеге дейін азайтылғаны дұрыс деген қорытындыға келіп, талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 2 203 (1725+478) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SKY Technology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SKY Technology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SKY Technology» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 15 929 (он бес мың тоғыз жүз

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жиырма тоғыз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 2 203 (екі мың екі жүз үш) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М.Сансызбаева**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 24.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 29.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

4360-23-3-1/1956